

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УЎЗІРЛІГІ**

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

Шет тилдер факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы

КӘСІПТІК БІТІРУ ЖҰМЫСЫ

**ТАҚЫРЫП: 5-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілерін Кембридж тәсілі
бойынша оқыту**

ОРЫНДАУШЫ: Миралиева Ақерке

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ: аға оқытушы Сарманова Ғ.Н.

Науаи – 2016

**Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының № 1
сан кафедра жиналыс қаулысынан**

К Ө Ш І Р М Е

30. 08. 2015 жыл.

Қатынасушылар:

Кумакбаева Г.К.
Сарманова.Ғ.Н.
Узакбаева Ж.Х.
Кушкарбекова.М.У
Эгамкулова Г.М.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 4-курс білімгері Миралиева Акерке кәсіптік бітіру жұмысын жазуға рұхсат берілсін.
2. Аға оқытушы Сарманова Ғазиза ғылыми жетекші етіп бекітілсін.

Кафедра меңгерушісі: _____аға оқытушы Г.К.Кумакбаева

**Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының № 10 сан кафедра жиналыс
қаулысынан**

К Ө Ш І Р М Е

30. 05. 2016 жыл.

Қатынасушылар:

Кумакбаева Г.К.
Сарманова.Ғ.Н.
Узакбаева Ж.Х.
Кушкарбекова.М.У
Эгамкулова Г.М.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

4 - курс талапкері Миралиева Акеркенің «5-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілерін Кембридж тәсілі бойынша оқыту» тақырыбына жазған кәсіптік бітіру жұмысы талапқа жауап береді. Жұмыс кафедра талқысынан өтті деп есептелсін.

Кафедра менгерушісі: _____ аға оқытушы Г.К.Кумакбаева

Давлат аттестация комиссиясининг

РАИСИГА

Навоий давлат педагогика институти Чет тиллар факультети
4-курс талабаси Миралиева Акеркенинг «5-сыныпта ауыз эдебиети
үлгілерін Кембридж тәсілі бойынша оқыту» мавзусидаги малакавий
битирув иши химоя қилиш учун юборилади.

Рейтинг қайдномасидан кучирма, малакавий битирув иши рахбарининг
мулохазаси, кафедранинг ишни химояга тавсия этиш хақидаги хулосаси,
такризлар илова қилинади.

Факультет декани : _____ кат.укит. Эрдонов.З.Д

Навоий давлат педагогика институти

Чет тиллар факультети

«Қозоқ тили ва адабиети» кафедрасининг

малакавий битирув иши хақидаги

Х У Л О С А С И.

4 - курс талабаси Миралиева Акеркенинг «5-сыныпта ауыз эдебиети
үлгілерін Кембридж тәсілі бойынша оқыту» мавзусидаги малакавий
битирув иши кафедра йиғилишида мухокама қилинган ва Давлат аттестация
комиссиясига химояга тавсия этилади.

Кафедра мудири: _____ катта уқит. Г.К.Кумакбаева

М А З М Ұ Н Ы

КІРІСПЕ.....	3-6
---------------------	------------

1.ТАРАУ. Ауыз әдебиеті туралы жалпы сипаттама.....	7-10
---	-------------

1.1. Ауыз әдебиетінің ауызша айтылып, ауызша тараған әдеби үлгілері.....	10-28
---	-------

1.2. Кембридждік тәсіл бойынша біліктілікті арттырудың жарқын болашағы.....	29-36
--	-------

1.3. Білім беруде Кембридж тәсілдерін қолданудың тиімділігі.....	37-43
--	-------

2.ТАРАУ. Ертегілерді Кембридждік тәсіл модуль арқылы оқыту.....	44-47
--	--------------

2.1. «Алтын сақа» ертегісін сын тұрғысынан дамыта оқыту.....	48-57
--	-------

2.2. Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді жарыс сабақ түрінде өту әдістері.....	58-64
--	-------

2.3. Шешендік сөздерді жаңа технология арқылы, деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың тиімді амалдары.....	65-75
--	-------

ҚОРЫТЫНДЫ.....	76-77
-----------------------	--------------

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

КІРІСПЕ

Біздің аяқ басқан ғасырымыз - өркениет дамуының кезеңі, ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дамуының кезеңі. Қазіргі білім жүйесінің негізгі міндеті – адамның ішкі жан дүниесінің, адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының дұрыс қалыптасуына бағыттау, соған негіздеу болып табылады. Яғни қазіргі қоғам адамзат алдына, білім беру жүйесіне үлкен мәселелерді қойып отыр. Ондай мәселелердің бірі – мектеп педагогикасының күрделі де маңызды мәселесі – оқушыны оқыту, білім беру үрдісін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын, жаңа үлгілерін пайдалану, жалпы білім беру реформасын жасау қажеттігі туып отыр.

Білім беру жүйесінің негізгі ордасы мектеп екенін ескере отырып оқушыларға белгілі бір көлемдегі білім - білік, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоғам, адам, айналаны, қоршаған дүние туралы танымын қалыптастыру, оның жеке басының қасиеттерін жан-жақты дамыту, жоғарғы адамгершілік принциптерге тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы.

Бүгін мектеп табалдырығында жүрген әрбір өскелең жас ұрпақ - ол ертеңгі қоғам иесі. Сондықтан да оқытуды мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға сапалы білім мен саналы білім, тәрбие беру, халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындатуды болашақ ұстаз білуі тиіс.

"Мектеп - қазақтарға білім берудің басты құралы ... Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде¹" - деп Ыбырай Алтынсарин атамыз айтқандай, бүгінгі мектептерден де қоғамның үміті мол.

Әдебиеттің адамды рухани жағынан өсіру мүмкіншілігін оқыту үрдісінде барынша пайдалану – мектепте әдебиетті оқытудың негізгі мақсаты. Қазіргі күнде әдебиетті оқытуға қойылатын жаңа талаптар оқушыларды интеллектуалды жастар қатарына қосуды мақсат етіп отырғаны белгілі.

¹ Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. А., 2006

Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымда таңдаған тақырыбым: «5-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілерін Кембридж тәсілі бойынша оқыту»-деп аталады. Бакалавриат бағытын бітіруші ретінде халықтың бай мұрасы болған халық ауыз әдебиетінің сақталу мәселелеріне ден қоюы болашақ маманды ұштай түсетіндігі белгілі. Қоғам дамуының сәби кезеңдерінде фольклор шығармаларын орындаушылар от басы, ошақ қасындағы қарт-қариялар болған. Оларды біз поэзияның қарапайым жасаушылары десек қателеспейміз. Халық ауыз әдебиеті әрбір халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, баяндайтын әдебиетінің қаймағы, асыл сөздің бастау алар бұлағы. Негізінен ауыз әдебиетінің үлгілері жалпы білім беретін мектептерде бастауыш сыныптарында үйреніле бастайды.

Ал, Өзбекстан Республикасы көлемінде қазақ мектептері 5-сыныптан бастап, халық ауыз әдебиеті үлгілерімен молырақ таныса бастайды. Мұнда оларды өтуге қомақты сағат ажыратылған. Онда тұрмыс-салт өлеңдері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер, ертегілер, бата, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер үлгілері бар. Халық ауыз әдебиеті шығармаларының көркемдік әлемін танытудағы пікірлері мен тұжырымдары және мектепте халықтық туындының көркемдігін ұғындыру мәселелері бакалавриат басқышында бітірушінің бітіру жұмысы үшін жазылатын еңбегімнің мақсаты мен міндеті болмақ.

Бұл тақырыпты таңдаудағы мақсатым: Бастауыш сыныпта көбіне бір мұғалімнен тәлім алған оқушы 5-сыныпқа келіп, әр пәнді әр мұғалім оқытқан кезде дағдарып қалуы мүмкін. Міне, осындай кезде оқушыны әдемі, әсерлі сөзімен, әдеби шығармаларды көркемдеп түсіндіруімен өзіне үйрететін қазақ тілі мен әдебиет оқытушысы. Себебі оқыту барысында оқушымен сұрақ-

жауап яғни диалог арқылы көбірек байланысатын да осы тілші мұғалімдер деп ойлаймын.

Ал, осы мүмкіндіктерді ойдағыдай алып баруда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы алдында өте-өте жауапты жұмыс, яғни оқушының ана тілінде халқының бай мұрасы болған ауыз әдебиеті материалдарын түрлендіріп өте алуы сияқты күрделі мәселе тұрады. Сондықтан мақсатым, ауыз әдебиеті үлгілерін меңгертуде оқытудың жаңа технологияларын, жаңа әдістерін, инновациялық технологияны қолданудың тиімділігін көрсету. Оны әдебиет сабақтарында пайдалану және ол арқылы оқушы білімін тереңдетіп, оқушының сабақты шығармашылық ізденіспен меңгеруіне септігін тигізетіндігін дәлелдеу.

Тақырыптың өзектілігі: Әлемдік деңгейде кең қанат жайып келе жатқан ғаламдану процесінде әр халықтың өзіндік бет-бейнесін сақтап қалу, ұлттық ерекшеліктерді қазіргі өркениет талаптарына сай жетілдіру мәселесі зор маңызға ие болып отыр. Халықтың рухани құндылықтарының ақпараттар ағынына төтеп беруі және жан-жақтан еніп жатқан жат түсініктер тасқынына ілесіп кетпеуі үшін жас ұрпақтың білімінің берік, білігінің бекем болуы тиіс. Әрине, ол жалпы білім беретін мекемелердегі оқу-тәрбие жүйесінің қалай ұйымдастырылуына тікелей тәуелді. Әсіресе, қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу процесінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Бұл орайда әр ұлттың бүкіл танымдық әлемінің көрінісі, рухани мәдениетінің дамуының тетігі – әдебиет сабақтарындағы халық ауыз әдебиеті үлгілерінің оқушының ішкі сұраным қажеттігіне сай бағытта оқытылуы шешуші рөл атқарады.

Зерттеу нысаны: 5-сыныптарда қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту үрдісі.

Зерттеу пәні: 5-сыныптарда қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы оқушының сөйлеуін дамыту жолдары және қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы оқушының сөйлеуін дамыту жолдарын айқындау және оны меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін жүйелеу.

маңыздылығы – оқушылардың әр саладан алған білімдері үлкен мәселені шешуге мүмкіндік береді.

Кәсіптік бітіру жұмысымның міндеттері:

- жаңа технологиялардың қызметіне сипаттама жасау;
- шешендік өнерді меңгертуде жаңа технологиялардың тиімділігін айқындау;
- оқытудың жаңа технологиясын әдебиет сабағында пайдалану жолдарын көрсету;
- ауыз әдебиетін меңгертудің тиімді жақтарын көрсету;
- шешендік сөздерді жаңа технология элементтері арқылы меңгерту;

Бітіру жұмысымның ғылыми жаңалығы. Ауыз әдебиетінің үлгілерін меңгертудің ұтымды әдістемесін ұсыну. Ұсақ жанрларды жаңа технология арқылы, деңгейлік тапсырмалар, сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқытудың тиімді амалдарын көрсету.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның құрылысы:

- **Мазмұны;**
- **Кіріспе;**
- 1-тарау, яғни негізгі бөлімнен тұрады.
- 2- тарау, методикалық бөлімнен тұрады.
- Қорытынды ой пікір берілген.
- Негізгі әдебиеттер мен қосымша әдебиеттір тізімі көрсетілген;

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі күн талабы, елімізде кең қанат жайған әлеуметтік – саяси жаңарулар әдебиетші-ұстаздан сабақ сапасы мен тиімділігін арттырып, оқушылардың әдебиеттанушылық білім, білік, дағдыларын, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Ал, әдеби білім көркем шығарманы оқу, талдау арқылы шәкірттер туындының бүкіл тынысын сезіне білуге, ондағы бар көркем нәрді терең танып қабылдауына, оқырман ретінде қалыптасуына қызмет етеді. Бұл, әсіресе мектеп қабырғасында өте маңызды.

Білім беру ісіндегі басты мақсат оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, оларды дара тұлға етіп әзірлеу. Оқу үрдісінде басымдылық рол оқытушыға емес, оқушыға берілуі тиіс, оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпай, ол өздігінен оқуы керек. Оқытудың негізгі мақсаты - өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру болғандықтан, оқытудың негізгі формасы оқушылармен жұмыс істеу, дифференциялау.

Бүгінгі күнде республикамызда тәлім тәрбие саласында түбегейлі өзгерістер енгізудің бір түрі «жеке адамның мүддесі және білім үстемдігін» іс жүзінде қолдану. Осы мәселені шешуде оқытушы-педагогтар қиын да көкейкесті мәселелер тұр.

Ауыз әдебиеті әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды роль атқарып келген. Себебі, Ауыз әдебиетінің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі салт-дәстүрі, әдет- ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-кұлқы т.б. бейнеленген. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ұсақ жанрлар тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, балаларға отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ауыз әдебиетінің ұсақ жанрлары мектеп оқушыларының ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, елін қорғауға, өнерді игеруге, жалпы адамгершіліктік құндылықтарды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар баланың сөздік қорын да молайтуда қызметі өте зор. Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған

бала - үздік оқушы, себебі жоғарыда аталғандар - жақсы үлгілердің негізі. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ. Демек, бала тілін дамыту - қоғам дамыған сайын күнделікті қажеттілікке айнала беретін ең өзекті мәселелердің бірі.

Жұмысты жазу барысында Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Жұмажанова, Г. Құрманбаева, Т. Ақшолақов, Ә.Дайырова, Қ.Бітібаева т.б. әдіскер ғалымдар еңбектерінен пайдаландық. Сонымен бірге 5-сыныпта берілген кейбір ауыз әдебиетінің үлгілерін жаңаша оқытуға байланысты сабақ үлгілерін бердік.

Бала тілін дамытуға халық ауыз әдебиетін орынды, жүйелі пайдалана білген әрбір оқытушы баланың санасын арттыра отарып, түсінігін кеңейтіп ұғымын байытады. Сонымен қатар баланың ойлау белсенділігі артады, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, сөз топтарын меңгереді, өз ойын еркін жеткізе алады. Ұлттық дүниетаным мен тәлім-тәрбие жүйесін қалыптастыруды ана тілін, ұлттық тарихты зерделеуді мақсат тұтқан ғылыми-зерттеулер де ауыз әдебиеті үлгілерін айналып өте алмайды. Ауыз әдебиетінің кейбір жанрлары қазіргі заманға сай жаңа сипаттармен дамуда.

Қай пәннің болмасын міндетін, біріншіден әлеуметтік сұраным, екіншіден, сол пәнге сәйкес ғылымның даму деңгейі, үшіншіден, педагогика, бала психологиясы және пәнді оқыту методикасының өзара бірлігі секілді факторлар айқындайды.

Сол ерекшеліктерді, заңдылықтарды үйретуде жастарға жүйелі білім, жан – жақты тәрбие беруде халық педагогикасының да, жаңа технологияның да мән – маңызы күн сайын артып баруда.

Қорыта айтқанда өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам басындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, адамның рухани күшін өзін-өзі тануына көмектеседі. Оқушылардың өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өзбекстан Республикасының «Білімтуралы» Заңы.Ташкент.1997
2. Каримов. И. А. Юксак маънавият – енгилмас куч.Ташкент, Маънавият, 2008. -176–б
3. Каримов.И.А. Она юртимиз бахту иқболи ва буюк келажаги йулида қизмат қилиш – энг олий саодатдир.Ташкент,Узбекистон, 2015.-302-б
- 4.Алпысбаев Т. «Қазақ халық әдебиеті» Т.3; Ертегілер. Алматы, «Жазушы» 1975ж. 135-184б.
5. Айдашаев А. «Қазақ халық әдебиеті» Ертегілер. Алматы, «Жазушы» 1979ж. 112-146б.
6. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиеті» Алматы «Ғылым» 1974ж, 221-227б.
7. Бердібаев Р. «Сарқылмас қазына» Алматы «Мектеп» 1983ж. 145-201б.
8. Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» Алматы мектеп. 1991ж. 3-37б.
9. Көшімбаев А. «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» Алматы, «Мектеп» 1969ж. 77-79б.
10. Кенжебаев Б. «Әдебиет белестері» Алматы «Мектеп». 1986ж., 143-201б.
11. Тойшыбаев С, Дайрабаев Ғ. және Қожакеев Т. «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» Алматы «Мектеп» 1980ж. 80-88б.
- 12.Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар. Тараз. 2003.-122- б
13. Бітібаева.Қ.Әдебиетті тереңдетіп оқыту.Алматы,мектеп,2003.-410- б
14. Елеубай.С.Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары.Алматы. 2001.-270-б
15. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы- оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы. 2002.-113-б
16. Жұмажанова.Т.Әдебиетті оқыту әдістемесі.Алматы,Мектеп, 2009.-207- б

17. Жұмабаев. М. Педагогика. Алматы, Рауан. 1993.-105- б
18. Қобдикова. Ж «Деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясы» Алматы, 2000.-187- б
19. Мейірманқұлова.Т.Білім берудегі жаңа технологиялар.Алматы,Үш қиян, 2008.-130 -б
20. Нағымжанова Қ. М., Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері. Өскемен. 1999.-182- б
21. Өстеміров Қ.,Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары.Алматы. 2006.-68-б
22. Садуова Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру.Алматы. 2002.-285- б
23. Серғалиев М. Синтаксис және стилистика Алматы. 2001.-242-б
24. Сауранбаев Н. Қазіргі қазақ тілі, Алматы. 2002.-320-б
25. Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы. 2000.-114-б
30. Тұрлыханова М. Педагогикалық технологиялар оқу үрдісінде. Алматы. 2000.-185-б
31. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 376 б.
32. Бегимкулов У.Ш. Педагогик таълимда замонавий ахборот технологияларини жорий этишнинг илмий-назарий асослари. Монография. -Т.: Фан, 2007.
- 33.Баймолдаев Т. «Ақпараттық – білімдік ортада педагогтардың ақпараттық коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру» //Информатика негіздері №1, 2010 жыл
35. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007 ж.
36. Сұлтанова Г. «Жаңа технологияларды ұтымды пайдалану» //Бастауыш мектеп №12 2005 жыл

37. Қазақ және әлем әдебиеті №55-6 (24) 2007 жыл. 19-20-беттері
38. М. Байжанов. Педагогикалық инновация және оқытудың қазіргі технологиялары. Қызылорда 2000 ж.
39. «Қазақстан мектебі» журналы №9, 2007 жыл.
40. Жұмабаев. М. Педагогика. Алматы, Рауан. 1993.-105- б
41. Әуезов М.О. «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы) Алматы. «Санат» 1997 ж.
42. Әуезов М.О. «Абай Құнанбаев» Алматы « Санат» 1995 ж.
43. Ысмағұлов Ж. « Абай: Даналық дәрістері» Алматы « Өнер» 2008 ж.
(бас ред. Нұрғалиев Р.Н.) «Абай» (Энциклопедия) Алматы «Атамұра»

Электрондық білім ресурстары

- 1. [www. tdpu. uz](http://www.tdpu.uz)**
- 2. [www. pedagog. uz](http://www.pedagog.uz)**
- 3. [www. Ziyonet. uz](http://www.Ziyonet.uz)**
- 4. [www. edu. uz](http://www.edu.uz)**
- 5. [tdpu-INTRANET. Ped](#)**

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

«Шет тілдер» факультеті

4 «А» -курс талапкері Миралиева Ақеркенің

«5-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілерін Кембридж тәсілі

бойынша оқыту » атты бітіру жұмысына жазылған

П І К І Р

4 «А» курс талапкері **Миралиева Ақеркенің** жұмысымен жетекші ретінде танысып шықтым. Бүгін мектеп табалдырығында жүрген әрбір өскелең жас ұрпақ - ол ертеңгі қоғам иесі. Сондықтан да оқытуды мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға сапалы білім мен саналы білім, тәрбие беру, озық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындатуды болашақ ұстаз білуі тиіс. Қазіргі күнде әдебиетті оқытуға қойылатын жаңа талаптар оқушыларды интеллектуалды жастар қатарына қосуды мақсат етіп отырғаны белгілі.

Халық ауыз әдебиеті шығармаларының көркемдік әлемін танытудағы пікірлері мен тұжырымдары және мектепте халықтық туындының көркемдігін ұғындыру мәселелері бакалавриат басқышында бітірушінің бітіру жұмысы үшін жазылатын еңбегімнің мақсаты мен міндеті етіп алған.

Жұмысты жазу барысында Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Жұмажанова, Г. Құрманбаева, Т. Ақшолақов, Ә.Дайырова, Қ.Бітібаева т.б. әдіскер ғалымдар еңбектерінен орында пайдалана білген. Сонымен бірге 5-сыныпта берілген кейбір ауыз әдебиетінің үлгілерін жаңаша оқыту Кембридждік тәсілдердің бірнеше модульдерінен пайдалана отырып, сабақ үлгілерін келтірген. Кәсіптік бітіру жұмысының құрылысы да талапқа жауап береді.

Қорыта айтқанда, тақырып бойынша жазылған талапкердің бітіру жұмысы методикалық талапқа жауап береді деп сенемін. Жұмысты қорғауға жіберуге болады.

Пікір жазған:

ғылыми жетекшісі Сарманова Г. Н.

